

Медианалық инфляциялық күтулерді есептеудің әдіснамалық аспектілері.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қабылданған және күтілетін инфляцияны өлшеу үшін медианалық бағалауды қолданады (2023 жылғы қаңтардан бастап ҚРҰБ өзінің коммуникациясында Берк әдісімен күтілетін инфляцияның қвантталған мәндерін пайдалануды тоқтатты). Бұл әдістеде респонденттердің ағымдағы инфляция деңгейін қабылдау және алдағы кезеңге күтулер туралы сұрақтарға сапалық және сандық жауаптарын жинау қамтылады.

Пікіртерім басында респонденттерге сапалық сұрақ қойылады (1-кесте).

1-кесте. Бір жылда бағаның өзгеруін бағалау және бір жыл ішінде күтілетін бағаның өзгеруі туралы сапалық сұрақтар

Сіздің ойыңызша, өткен 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қалай өзгерді?	Сіздің ойыңызша, алдағы 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қалай өзгереді?
1. Бұрынғыға қарағанда тез өсті	1. Қазіргіден тезірек өседі
2. Бұрынғыдай өсті	2. Қазіргідей өседі
3. Бұрынғыға қарағанда баяу өсті	3. Қазіргіден баяу өседі
4. Өзгерген жоқ	4. Өзгеріссіз қалады
5. Төмендеді	5. Төмендейді
6. Жауап беру қиын	6. Жауап беру қиын

Бұдан кейін 1-3 нұсқаларын таңдаған респонденттерге сандық сұрақ қойылады, онда олар өздерінің пікірі бойынша белгілі бір кезеңде бағаның қанша өскенін немесе өсетінін пайызбен бағалайды (2-кесте).

2-кесте. Бір жылда бағаның өзгеруін бағалау және бір жыл ішінде күтілетін бағаның өзгеруі туралы сандық сұрақтар

Өткен 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қанша өсті деп ойлайсыз?	Алдағы 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қанша өседі деп ойлайсыз?
1. 1-3% өсті	1. 1-3% өседі
2. 4-6% өсті	2. 4-6% өседі
3. 7-10% өсті	3. 7-10% өседі
4. 11-15% өсті	4. 11-15% өседі
5. 16-20% өсті	5. 16-20% өседі
6. 20%-дан астам өсті	6. 20%-дан астам өседі
7. Жауап беру қиын	7. Жауап беру қиын

Медианалық бағалауды есептеу үшін сапалық сұрақта 4 және 5 нұсқаларын (1-кесте), сондай-ақ сандық сұрақта 1 – 6 аралығындағы нұсқаларды таңдаған респонденттердің жауаптары (2-кесте) ескеріледі. Бұдан кейін аралық жауаптар бағаның төмендеуінен бастап 20%-дан жоғары өсуіне дейін реттеледі (3-кесте). Әр аралыққа осы ауқымды қамтитын бақылаулар санын көрсететін тиісті жиілік беріледі. Барлық аралықтың жиілігін қосқанда (барлығы 100%) респонденттердің барлық жауабының тең жартысын қамтитын медианалық аралық анықталады.

3-кесте. Қабылданатын және күтілетін инфляцияны есептеу үшін респонденттердің жауаптарын бөлу

Қабылданатын инфляция	Үлесі (Жиілігі), %	Күтілетін инфляция	Үлесі (Жиілігі), %
1. Төмендеді	...	1. Төмендейді	...
2. Өзгерген жоқ	...	2. Өзгеріссіз қалады	...
3. 1-3% өсті	...	3. 1-3% өседі	...
4. 4-6% өсті	...	4. 4-6% өседі	...
5. 7-10% өсті	...	5. 7-10% өседі	...
6. 11-15% өсті	...	6. 11-15% өседі	...
7. 16-20% өсті	...	7. 16-20% өседі	...
8. 20%-дан астам өсті	_____	8. 20%-дан астам өседі	_____
	100%		100%

Медианалық аралықтың инфляциялық күтулерінің төменгі шегі табылғаннан кейін осы аралықтың ішіндегі дәл медиананы келесі формула арқылы есептеуге болады:

$$Me = x_0 + i * \frac{\frac{1}{2} * \sum f_i - S_{Me-1}}{f_{Me}}$$

мұнда x_0 – жауаптардың жинақталған жиілігі жиіліктердің жалпы сомасының жартысынан асатын медианалық аралықтың төменгі шекарасы, i – x_0 медианалық аралығының ені (аралықтың жоғарғы және төменгі шекарасы арасындағы айырмашылық), f_i – аралықтардың барлық жиілігінің қосындысы, S_{Me-1} – x_0 медианалық аралығының алдындағы аралықтың жинақталған жиілігі, f_{Me} – x_0 медианалық аралығының жиілігі.

Бұл формула бүкіл бөлудің ортасына жету үшін аралық енінің қай бөлігін оның төменгі шекарасына қосу керектігін есептейді. Ол үшін медианалық аралықтың ені аралықтың ішіндегі медиананың орнын көрсететін үлеске көбейтіледі. Нәтижесінде формулада аралықтың ені де, ондағы медиананың орналасуы да ескеріледі.

Топтастырылған деректер медианасының алынған бағалауы сандық қатардың әдеттегі медианасымен салыстырғанда дәлірек нәтиже береді, бұл бірнеше зерттеу кезеңінде күтілетін және қабылданатын инфляцияның қайталанатын бағаларын болдырмауға көмектеседі. Бұл көрсеткіштер инфляцияның қабылданатын және күтілетін деңгейіне қатысты халықтың пікірінің орталық үрдістері туралы объективті түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді.